


ЖҮЙЕ РЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА.

жоспар


- 1. Ұлттық экономика құрылымы. Қоғамдық өндірістің мазмұны мен түрлері.
- 2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер.
 - А) ЖҰӨ
 - Б) ЖІӨ
 - В) өмір сүру деңгейі және көрсеткіштері.
- 3. Ұлттық байлық: ҚР Ұлттық байлығының мазмұны мен құрылымы.

Мақсат

- Ұлттық экономика құрылымымен танысу.
- Қоғамдық өндірісті және оның түрлерін оқу.
- Келесідей макроэкономикалық көрсеткіштерді анықтау: жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, өмір сүру деңгейі.
- Ұлттық байлық құрылымын, оның ішінде ҚР ұлттық байлығын оқу.
- Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттігін арттыру факторларын және де ұлттық экономикаға бағыт ретінде Қазақстан кластерлерінің орынын анықтау.
-



Ұлттық экономиканың сыртқы және ішкі қарым қатынастары жалпы қозғалыс заңдарына бағынады. Ұлттық экономика қызметінің оптимальды режимін қолдау, іс- әрекеттерді белгілі- бір органдар арқылы реттейтін негізгі бағыттармен анықталады.



Ұлттық байлық жинақталған әрі нәтижелі көрсеткіштер санатына жатады және мемлекеттік, экономикалық даму деңгейінің айнасы десе болады.

Ұлттық байлық - бұл материалдық және рухани игіліктердің жиынтығы және осы уақытта барлығы қоғам меншігінде болады. Ұлттық байлық құрамына мыналар енеді:

- а) негізгі өндірістік және өндірістік емес қорлар;
- а) айнамамы өндірістік қорлар;
- б) материалдық резервтер мен сақтандыру қоры;
- в) айналым қоры;
- г) тұрғындар мүлкі.

Ұлттық байлық құрамына негізгі жер, ормандар, сондайақ барланған табиғи ресурстар және олар натуралды түрде есептелінеді.

Қазақстан өзінің ауқымы бойынша Ұлттық байлықтың үкен көлемін иеленген. Біздің республикада жалпы жер келемі 222,5 млн. га мөлшерді құрайды, оның ішінде 82% ауыл шаруашылығы жеріне жатады. Қазақстанда 21,7 млн. га орман мен табиғи егістіктер, 11 мың өзен, 7 мыңнан астам көлмен су қоймалары бар. Өсімдіктер қоры 6 мыңнан астам түрлерден тұрса, ал жануарлар әлемі болса алуан түрлі.

Шабындықтар мен жайылым (162 млн. га) көлемі бойынша Қазақстан алдына тек Австралияны (450 млн. га), АҚШ-тың (320 млн. га) және Қытайды (234 млн. га) ғана алдына жібере алады. Қазақстан пайдалы қазбалар қоры мен олардың алуан түрлері бойынша - ТМД - дағы ең бай аймақтың бірі. Минералды ресурстар ұлттық табыстың төрттен үшін құрайды.

Ұлттық байлық өзінің қолдануы бойынша былай белінеді:

- өндіріс құрал-жабдығына (еңбек құрал-сайманы, шикізат, материал мен табиғи ресурстар және т.б.).
- тұтыну заттарына (тамақ, киім, тұрғын-жай және т. б.),
- өзінің туу тегіне қарай - қорланған еңбек өніміне (еңбек құрал сайманына, шикізат, материал мен тұтыну құралжабдығы қорларына) және табиғи ресурстарға (жер, субайлығы, орман және т.б.). Қоғам аса дамымаса, онда оның материалдық негізін табиғи байлықтар құрайды. Ал, қоғам тым дамыса, онда оның материалдық (негізін адам еңбегімен жасалған байлық құрайды.

Ұлттық байлықты өзінің құрамы бойынша

ұлттық мүлік

табиғи ресурстар

Елдегі материалдық
игіліктердің заттай
жиынтығы


Табиғи ресурстар елдегі
табиғат берген табиғи
байлықтарды қамтиды.

- Сондықтан ұлттық байлық құрамына тек зерттелген, ескерілген және өндіріс процесіне тартылған табиғи ресурстар қоры енеді – пайдалы қазбалар, орман, су, гидроэнергоресурстар мен жер көлемі және т.б. Ұлттық байлыққа елдегі ескерткіштер, архитектуралық ежелгі құрылыстар, сурет галереясы, мұражай экспонаттары және т.б., алмаз бен валюталық қорлар жатады.


Ұлттық байлықтың ең маңызды элементіне өзінің құрамы мен жеке салмағы бойынша ұлттық мүлікті айтамыз, оның үлесіне ұттық байлықтың жартысынан астамы тиесілі болады. Ол өз бойына халық шаруашылығының өндірістік және өндірістік емес қорларын, оның резервті қорын, тұрғындардың өз басының мүлкін енгізеді. Өндірістік қорлар құрамына барлық еңбек заты мен құралдары енеді. Олар процесс кезінде қалпына келген өндіріс құралдарын иегеру арқылы материалдық игіліктер процесінде қолданылады немесе қолданылуы мүмкін.

қызмет жасайтын еңбек заттары ғана ұлттық мүлікке енеді. Қоймада жатқан машина, станоктар немесе бекіту процесінде олар негізгі қорлар бола алмайды және тек іске қосылған кезде ғана негізгі қорға айналады.

- Халық шаруашылығының өндірістік емес негізгі қорларына тұрғын үй қоры мен ұлттық байлық элементтері жатады және олар өндірістік емес салаларда қолданылады (денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет және т.б.). Бұл қорлар тұтыну сипатына ие болады және тұрғындардың алуан түрлі тұтынымы мен қоғамдағы барлық өндірістік емес қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған.



Халық шаруашылығының резервтік қорының құрамына өндіріс құрал-жабдығы мен тұтыну заттары да енеді және олар кездейсоқ жағдайларды, халық шаруашылығының кейбір салаларын дамытуда жекелеген диспропорциясын жою үшін резервтелінген.



Макроэкономикалық дамудың негізгі мақсаты ел ішіндегі және шет елдегі экономикалық құрылымның экономикалық және әлеуметтік нығаюы, оның өзгерістерге бейімделуі болып табылады. Макроэкономикалық көрсеткіштер дамыған елдердің экономикалық динамикасын салыстырмалы талдау жасауда стандарттар және жағдайлар ретінде қолданылады. Ұлттық есеп көрсеткіштері болып ЖІӨ, ЖҰӨ, өмір сүру көрсеткіші, таза ұлттық өнім және т.б. табылады.